

**Мұнайлы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 3 қарашадағы № 11/65 "Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 6 қазандағы № 23/144 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 қазанда № 30243 болып тіркелді

#### **ШЕШТІ:**

1. Мұнайлы аудандық мәслихатының "Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" 2021 жылғы 3 қарашадағы №11/65 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №25224 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі орыс тілінде жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасында:

3 тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"3. Мұнайлы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен

коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алуға, алушылардан өтініштерін талап етпей, мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларымен бекітілген жинақ тізім негізінде, екінші деңгейдегі банктер арқылы көрсетіледі.";

4 тармақтың орыс тіліндегі мәтіні жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мұнайлы аудандық мәслихатының хатшысы*

*Б. Билялов*